

2014 жылға арналған субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлерін және субсидиялардың нормаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 29 шілдедегі № 202 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 13 тамызда № 3607 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 99 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 13.04.2015 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, "Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 574 қаулысына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылға арналған субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және субсидиялардың нормалары:

1) отандық өндірушілер өткізген тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;

2) тыңайтқыштар берушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Орал қаласы мен аудандар әкімдері осы қаулыны іске асыру бойынша қажетті шараларды алсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. К. Өтеғұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
30.07.2014 жыл

Н. Ноғаев

А. Мамытбеков

**Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері
және отандық өндірушілер өткізген
тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне,
килограмына) арналған субсидиялардың нормалары**

№ р /с	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірліктің құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке арналған субсидия нормасы, теңге
1	Аммофос (N-10%; P ₂ O ₅ -46%)	тонна	50	45000
2	Аммиак селитрасы (N-34,4%)	тонна	50	28900
3	Сульфоаммофос (N-18%; P ₂ O ₅ -18%; S-17%)	тонна	50	34250
4	Түйіршікті күкірт қышқылды калий (калий сульфаты K ₂ O-50%)	тонна	50	105000
5	Хлорланған калий ("Калимаг" K ₂ O-42г2%; KCl-65% түріндегі тыңайтқыш)	тонна	50	48000
6	Супрефос-NS (N-12%; P ₂ O ₅ -24%)+(Ca;Mg; SO ₃)	тонна	50	45000
7	Қарапайлық суперфосфат (P-15%; K ₂ O-2%)	тонна	50	24500
8	Фосфоритті ұн (P ₂ O ₅ -17% кем емес)	тонна	50	8210

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

- N-азот;
- P-фосфор;
- O-оттегі;
- S-күкірт;
- K-калий;
- Cl-хлор;
- Ca-кальций;
- Mg-магний.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2014 жылғы 29 шілде № 202
қаулысына 2-қосымша

**Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және
тыңайтқыштар берушіден және (немесе) шетелдік
тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған**

**тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына)
арналған субсидиялардың нормалары**

№ р/с	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірліктің құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке арналған субсидия нормасы, теңге
1	Карбамид (N-46,3%)	тонна	30	31800
2	Капролактамы аммоний сульфаты (N-21%)	тонна	30	16200
3	Нитроаммофоска (N 15: P 15: K 15)	тонна	30	30000
4	КАС (карбамидті-аммиакты қоспа N-27-33%)	тонна	30	15000
5	МАР суда ерігіш аммофос (N-12%: P ₂ O ₅ -52%)	тонна	30	42000
6	Аммофос (N-10%-P ₂ O ₅ -46%)	тонна	30	30900
7	Селитра аммиачная (N-34,4%)	тонна	30	17850

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

N-азот;

P-фосфор;

K-калий;

O-оттегі.